



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Алаяқтық атаулының алуан түрін меңгергендер айылын жиятын күн байқалмайды. Халықты судағы балықтай көрген табанының бүрі жоқ алаяқтар енді интернет арқылы қарапайым жұртшылықтың қалтасын қағып, соқыр тиынына дейін алып кетуден қымсынар емес. Жеңіл жол арқылы табысқа кенелгісі келетіндердің жасаған қылмысы төрт жыл бедерінде он есеге дейін артқаны ойландырмай қоймайды.

шотына аударып жіберуден еш тайынбайды екен. Жуырда ғана Алматы қаласының тұрғыны пәтерін сатқан. Нәтижесінде қалтасына түскен 23 миллион теңге көлеміндегі қаражатты алаяқтардың есепшоттарына бірнеше траншпен аударып жіберген. Алаяқтардың арбауына түскенін түсінген жәбірленуші қызық қорғау органдарына 24 маусым күні ғана шағымданған екен. Бүгінде аталған факті бойынша сотқа дейінгі тергеу бас-

қатысу үшін азаматтарды тарту тәсілдеріне жеке-жеке тоқталғым келеді. Мессенджерлер мен әлеуметтік желілерде жеңіл табыс туралы хабарландырулар белсенді жарияланады. Өз атыңызға картаны, абоненттік нөмірді ашу, оның ішінде осындай әрекеттерге басқа адамдарды тарту ұсынылады. Кейбір жағдайларда телефонға банкинг орнатуды немесе карталарды басқа адамдарға беруді сұрайды. Кейіннен көрсетілген карта-

Интернет-алаяқтық өршіп барады

Ішкі істер министрлігі қриминалдық полиция департаменті киберқылмысқа қарсы күрес орталығының басшысы Жандос Сүйінбайдың айтуынша, 2017 жылы республика бойынша интернет-алаяқтық жолдары арқылы тіркелген қылмыс түрлері 2 мыңмен шектелсе, өткен жылы бұл сан 20 мыңнан асып кеткен екен. Содан да болса керек, интернет арқылы елдің ақшасын иемденіп кетуге ниетті алаяқтармен күрес жұмыстары күрт күшейген.



«ІІМ жедел қабылдаған іс-қимыл шараларының нәтижесінде өткен жылмен салыстырғанда биыл интернет алаяқтық 18 пайызға төмендеген. Оның ішінде 1,5 мыңнан астам қылмыс жедел уәкілдердің жанкешті еңбегінің арқасында ізі суымай ашылды. Осы жылдың мамыр айында Нұр-Сұлтан қаласындағы Полиция департаментінің жедел тергеу тобының қызметкерлері астаналық тұрғынның есепшотынан 137 млн теңге қаржы ұрпаған 7 адамнан тұратын қылмыстық топты ашкереледі. Тексеру барысында бұл топтың құрамында Қазақстан мен шетел азаматтарының бар екені анықталған.

Тінту кезінде олардан 8 миллионнан аса қаржы, қалта телефондары, SIM карталар, 20-дан астам төлем картасы, сондай-ақ банк карталарының атаулары мен парольдерінің жазбалары табылды. Қазіргі уақытта топ мүшелерінің алаяқтықтың екі эпизодына қатысты болуы мүмкін екені айтылуда. Олардың шығыны 170 миллион теңгеден асады.

Бүгінде басты айыпталушыларға бұлтартпау шарасы қабылданып, өзге күдіктілер, сыбайластары мен басқа да жасалған қылмыстарын анықтауға бағытталған тергеу әрекеттері және жедел іздестіру іс-шаралары жүргізіліп жатыр», деді ведомство өкілі «Интернет алаяқтықпен күрес шаралары» тақырыбында өткен брифингте сөйлеген сөзінде.

Министрлік өкілінің айтуынша, интернет-алаяқтардың арбауына түскен азаматтар ойланбастан үлкен сомадағы қаражатты әлгілердің есеп-

талған. «Жедел-ізвестіру және тергеу іс-шаралары барысында алаяқтық мақсатпен Қазақстанның әртүрлі қалаларында тұратын жалған тұлғаларға ресімделген 10-ға жуық банк карталары пайдаланылғаны анықталды. Қазақстан Республикасы ІІМ киберқылмысқа қарсы күрес бөлімшелерінің жедел қызметкерлері Павлодар облысы мен Алматы қаласындағы әріптестерімен бірлесіп, Қазақстан мен Ресей азаматтарынан құралған, 15 адамнан тұратын қылмыстық топты ұстады.

Олар интернет арқылы жаппай алаяқтық жасады деген күдікке ілінген. 5 қатысушыға қатысты «қамауға алу» бұлтартпау шарасы таңдалды. Қазіргі уақытта топ қатысушыларының интернет-алаяқтықтың алты эпизодына қатыстылығы анықталды, олардың шығыны 106 миллион теңгеден астам болып отыр», дейді Жандос Сүйінбай мәселенің мәнісіне үйіліп.

Әдетте, мұндай қылмыстарды жасауда үшінші тұлғаларға ресімделген банктік шоттар мен карталар қолданылады. Қоңыраулар үшін алаяқтар абоненттік нөмірлерді ауыстыру бойынша бағдарламаларды пайдаланады. Бұл әрекеттердің барлығы ықтимал құрбандардың банктік карталары мен депозиттеріне қол жеткізуге, одан әрі олардан ақша аударуға немесе несие алуға бағытталған.

«Алаяқтық схемаларға

лар мен абоненттік нөмірлерді алаяқтар ақшаны алу үшін пайдаланады.

Телефон арқылы банктік мекемелерден келетін кез келген ақпаратты қайта тексеру қажеттіне ерекше назар аударғым келеді. Рұқсат етілмеген операцияларды бұғаттау үшін телефон арқылы бейтаныс адамдардың бірінші талабы немесе ұсынысы бойынша банктік деректемелерді немесе SMS-хабарламалардан кодтарды жазып алудың, сондай-ақ өз жинақтарын банктің қандай да бір шотына аударудың қажеті жоқ», дейді министрлік өкілі жағдайды түсіндіріп.

Ведомство өкілі келтірген деректерге зер салсақ, интернет-алаяқтық 2017-2021 жылдар аралығында күрт көбейгенін байқай түсеміз. Құзырлы орган өкілдері жылдар бойы сан мәрте дабыл қағып, түсіндіру жұмыстары жоғары деңгейде жүргізілсе де, аңқау халық арам ниеттілердің айтқанына сеніп, айдауына көнгені жаға ұстатпай қоймайды. Әйтеуір осы жылдың есепті мерзімінде қылмыстың 18 пайызға болсын азайғаны көңілге медеу.

Түйіп айтсақ, интернет алаяқтықтың жолын кесу үшін алдымен халық сауатты болуы керек. Әйтпесе, алаяқтардың сан түрлі айласына алданатындардың саны жыл өткен сайын кемігенімен, толықтай жойылып кетуі екіталай секілді.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

Абай, Жетісу және Ұлытау облыстарынан Сенат депутаттары сайланады



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 24 тамызда Абай, Жетісу және Ұлытау облыстарынан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау жөніндегі Жарлыққа қол қойды, деп хабарлайды Egemen.kz Ақорданың ресми сайтына сілтеме жасап.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 2) тармақшасына, 50-бабының 2-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 69-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, 129-бабына және «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 мамырдағы № 887 Жарлығына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Абай, Жетісу және Ұлытау облыстарынан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты-

ның депутаттарын сайлау 2022 жылғы 24 тамызға тағайындалсын.

2. Дауыс беруді өткізу, сайлау қорытындыларын белгілеу және Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттарының өкілеттік мерзімін айқындау «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 129-бабына сәйкес жүзеге асырылатын болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Абай, Жетісу және Ұлытау облыстарының әкімдері Абай, Жетісу және Ұлытау облыстарынан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдасын», делінген Мемлекет басшысының Жарлығында.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

Мүгедектікті анықтауға қатысты 28 мыңнан астам өтінім сырттай қаралды

Мүгедектік тобын белгілеу үшін медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізудің сырттай форматы бойынша пилоттық жобаны іске асыру аясында жыл басынан бері Қазақстанның барлық өңірінен 28,2 мыңға жуық өтінім қаралды, деп хабарлайды Egemen.kz Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігіне сілтеме жасап.

Қазір жобаға 589 медициналық ұйым қосылған.

Пилоттық жоба арқылы 2022 жылы мүгедектікті белгілеу бойынша сырттай қызмет көрсетумен қамтуды 20% - ға дейін жеткізу жоспарланған. Қазіргі уақытта бұл көрсеткіш 21,6%-ды құрайды.

Бұған дейін хабарланғандай, Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің VI отырысында Мемлекет басшысы ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін барынша қолайлы жағдай жасауды, оларды қағазбастылықтан арылтуды, инстанциялар бойынша жүруін және қызмет көрсетушілердің қызмет алушылармен байланысын болдырмауды тапсырды.

Осы тапсырманы орындау мақсатында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Денсаулық сақтау және Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі ми-

нистрліктерімен бірлесіп, Қазақстанның барлық 20 өңірінде пилоттық режимде медициналық-әлеуметтік сараптама (бұдан әрі – МӘС) жүргізудің сырттай форматы бойынша жоба іске асыруда.

Мүгедектік тобын анықтау бойынша қызмет алу үшін өтініш беруші тек тұрғылықты жері бойынша емханаға барып, қажетті тексеруден өтуі қажет, қалған процестер ақпараттық жүйелерді интеграциялау есебінен оның қатысуынсыз өтеді.

Жалпы, сырттай куәландыруға көшу:

- әкімшілік және бюрократиялық кедергілерді жоюды;
- МӘС сараптамалық шешімдерінің ашықтығын қамтамасыз етеді;

- үйден шықпай-ақ мүгедектікті белгілеу және мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау шараларын айқындау бойынша қызметтер алуға мүмкіндік береді;

- көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушімен тікелей байланысын болдырмайды, осылайша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтады.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

«Үздік мемлекеттік қызметші» төсбелгісі табысталды



Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, Жуантөбе ауылдық округі әкімінің кеңесшісі іс басқарушысы Асима Мырзабековаға, ҚР Мемлекеттік қызмет істер агенттігінің «Үздік мемлекеттік қызметші» төсбелгісін табыстады.

«Мемлекеттік қызметте ұзақ жыл еңбек етіп, ауданның дамуы жолында жұмыс атқарған әріптесімізді бүгінгі марапатымен құттықтаймын. Асима Тұрысбайқызы халыққа әлеуметтік қызмет көрсетуде, түрлі қоғамдық жұмыстар атқаруда қажырлылықпен еңбек етіп жүрген білікті маман,- деді аудан басшысы.

Мырзабекова Асима Тұрысбайқызы еңбек жолын 1991 жылы Созақ ауданының Жуантөбе селолық кеңесінің іс жүргізушісі болып бастаған. 1994-2001 жылдар Жуантөбе ауылы әкімі аппаратының іс жүргізушісі, 2001-2004 жылдары Жуантөбе ауыл әкімі аппаратының жастар ісі жөніндегі маманы, 2004-2011 жылдары Жуантөбе ауыл әкімі аппаратының бас маман іс басқарушысы, 2011 жылдар бері Жуантөбе ауылдық округі әкімінің кеңесшісі іс басқарушысы қызметін атқарып келеді.

Жекпе- жектің 5 түрінен спорт шебері



Ақбар Елубайұлы спорттың 5 түрінен спорт шебері атанды. Жуырда ғана Ақтөбе қаласында грепплингтен Қазақстан Республикасының чемпионы болып, «спорт шебері» дәрежесін алды.

Күрестің әдіс тәсілінен бөлек, аяқ-қолды бұрап, қылқындыру әдісіне негізделген грепплинг жүректілікті қажет етеді. Шілде айының 2-3 күні Ақтөбе қаласында өткен ел чемпионатында жерлесіміз, талантты спортшы Ақбар Елубайұлы қарсыластарын жеңіп, тұғыр биігінен көрінді. Жекпе- жек спортының еркін күрес, джиу джитсу, панкратион, MMA түрлерінен әлемдік жарыстарда жүлде салған жерлесіміз енді міне, грепплингтен спорттық дәрежені орындап, ҚР чемпионы атанды.

Ақбар Елубайұлы - Қазақстандағы ірі MMA ұйымының бірі «Naiza fighting championship» промаушенімен келісім шартқа отырып, жауынгері атанды. Алдағы уақытта кәсіпқой спортта бақ сынайды.

Құрбан айт мейрамы аталып өтті



Мұсылмандардың мерекесі Құрбан айт күніне орай, Шолаққорған ауылындағы орталық мешітке айт намазы оқылды. Аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов құттықтау сөз сөйлеп, көпшілікке жылы лебізін арнады. Ауданның бас имамы Мейрамбек Әбдіқұлов, Құрбан айттың маңызы туралы уағыз айтып, мешітке жиналған жамағатты мерекемен құттықтады.

Аудан әкімдігінің бөлім, мекеме қызметкерлері құрбан шалып, тұрмысы төмен отбасыларға азық- түлік таратты.

«Созақ үні»-ақпарат».

Ынтымақты іздеп жүріп ырысқа кенелген ұлттың ұрпағы болғандықтан қашанда өзінді де өзгені де татулыққа, ауызбіршілікке үндеп жүргің келеді. «Өнбес дауды, өспес кісі қуалар» демекші, пайдадан гөрі арды ойлау да адамдықтың белгісі болса керек. Халқымызда «Ерлі-байлы ұрысар да, керісер, Көрісер де келісер» деп ашуды ақыл мен сабырға жеңдіріп, өршігелі тұрған отты өшіруге ниетті жандардың қасынан табылу үрдісі бар.

«Үш нәрсенің алдын ал,

уы, жесір дауы деп бабаларымыздың бұрынғы жөн жоралғы жолымен жүретін болсақ ешқашан қателеспесіміз анық. Сол себепті бүгінгі бас құрап отырған үш жақты мәмілеміз бүгінгі ел ішіндегі азаматтар үшін де келешек ұрпақ үшін де татулық жолын көрсеткен мәңгілік бағдаршамымыз іспетті. Елдің ынтымағы мен ауызбіршілігі, тұрақтылығы, татулығы басты мақсатымыз болмақ,-деді аудан басшысы Мұхит Тұрысбеков.

-Әрине, бұл өте оңды бас-

Созақ аудандық сотының міндеттемесі дауларды баламалы түрде шешумен байланысты (дауларды соттан тыс реттеу) ққық қолдану тәжірибесін түсіндіруге бағытталған семинарлар, дөңгелек үстелдер және тағы басқа да іс-шаралар өткізу; дауларды ардагерлер кеңесінің мүшелерін шақыру арқылы оңтайлы шешуді ұйымдастыру; «Ашық есік» күндерін өткізу; келісуші тараптармен жүйелі түрде өзара ақпарат алмасып отыру;

ЫНТЫМАҚТЫ ЕЛГЕ ЫРЫС КЕЛЕДІ

Аурудың алдын ал.

Жаудың алдын ал,

Қайта қозған даудың алдын ал» деген де атамыз қазақ болатын. Ауыл ішіндегі болмашы дау-жанжал түбі жақсылыққа апармайды. Сондықтан да «ақсақалың бар ма?» деген тәмсіл ертеден бар. Сол ауыл қариялары жоқты бар етіп, өнбес дауды өршітпей өшіруді басты назарында ұстайды. Ауылдың қадірменді қариясы келесі бір көрші ауылға барғанда «Сіздерде осындай дау болып жатыр екен. Аяғы не болды?» деген сөзді есітпеу үшін ауылдың арлы ақсақалдары өмірлік көргені мен білгені, елдің татулығына сызат түсірмеу үшін, атадан балаға жалғасып келе жатқан жазылмаған заң екенін сезінеді. Ауыл ақсақалы болған соң болса да ауылы үшін көп нәрсеге жауапты екенін сезініп, кейбір жерде жер шұқып қалатын кезі де болған. Сол істің басы қасында өзі болып, ауылдың қарияларын, ауыл басшысын, ауылдың имамын шақырып ортақ ақылға келіп дауласушы екі тарапты ортаға алып «өгіздің өлмеуі мен арбаның сынбауын» ескере отырып әділ шешуге тырысқан.

Бабалар салтын ұстанған бүгінгі ұрпақта сол жолды таңдағанына біршама жылдардың ауқымы болып қалды. Осы үлкен де жауапты істі ел тізгінін ұстаған арлы азаматтардың ақылына салған Созақ аудандық сотының төрағасы Ақылбек Сергейұлы Дәуренбеков, екінші тараптан Созақ ауданының әкімі Мұхит Сексенбайұлы Тұрысбеков, үшінші тарап аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Аманбекұлы Еспенбетов болып бірлесе, ауылды жерлердегі қоғамдық қарым-қатынастардың тұрақтылығын сақтау, қоғамда орын алатын даулы мәселелердің деңгейін төмендету, медиатор институтын жандандырып, даулардың алдын алу бойынша өзара ынтымақтастықты дамыту жөніндегі меморандумды түзді.

«Бүгінгі бұл бастамамызды тарих көшіндегі өнегелі істің бірегейі десек те болады. «Келісіп пішкен тон келте болмайды» деген де кешегі ұлы бабаларымыз. Әлгі орыс ақыны Крылов айтқандай немесе өзіміздің ұлы ақынымыз Абай келтірген «бас басына би болған өңкей қиқым» дегізбей, әрқайсысы әр тарапқа тартпай ортақ мәселеге келудің алғы шарты десек болады. Бізге әрине ел ішіндегі аузы дуалы қарттарымыздың ақыл-кеңестері өте керек. Дау дамайдың алдын алу, жер да-



тама болары анық. Біз бұрында осы мәселе төңірегінде жұмыс жасаған болатынбыз. Бірақ бүгінгі меморандумның аясы кең. Тек еңбек дауы ғана емес, мұнда барлық деңгейдегі дауларға барынша елдік көзқараспен қарау жағы қарастырылған,- деді аудандық сот төрағасы Ақылбек Дәуренбеков.

Расында қарап тұрсаңыз жеңуші жақ, жеңілуші жақ. Біреу ұтылады, біреу ұтады, түрлі деңгейдегі кассациялық, апелляциялық шағымдар, екі тараптардың жүріп-тұруы, азаматтардың денсаулығы, сарп етілген қаншама уақыт, қала берді босқа шаршау кімге керек. Сөйтіп жүріп екі тараптар жағынан да сотқа, мемлекетке, билікке деген сенімсіздік мәселелері туындары хақ. Кезінде бағзы уақытта осы мәселелер елдің өз ішінде шешімін тауып отырған.

«Ел болған соң ағайын-туыс, көрші қолаң, тіпті бір отбасының ішінде дау болмай тұрмайды. Оны дабырайтып дауы мен жанжалын ұшықтырғаннан не ұтамыз? Сол себепті бүгінгі байыпты бастаманы қолдаймын. Ендігі кезекте ауыл әкімдері, ауылдық ардагерлер кеңесі ел ішінен беделді азаматтардың ықпалын пайдалана отырып, жаңаша тізім жасап, қоғамдық медиаторларды анықтау. Ол азаматтарға бұл істің байыбы мен байсалдылығын түсіндіру маңызды болар еді,-деді үшінші тараптан сөйлеген аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов.

Меморандумдағы негізгі мақсаттарды жүзеге асыру үшін тараптар үш жақты әріптестік бағытта, тараптар ортақ келісімге келді. Осы Меморандумның негізгі мақсаты даулардың алдын алу (тараптарды бітімге шақыру, татуластыру,) жөнінде ортақ жұмыс жүргізу болып табылады.

атқарылған жұмыстарын бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты негізде насихаттау, жариялап отыру.

Аудан әкімінің міндеттемесінде Қазақстан Республикасының Медиация туралы заңының 15,16 баптарына сәйкес медиаторларды тізімге тіркеу; ауыл округтерінің әкімдері медиаторлар қоғамдық негізде жүзеге асыратын медиаторлар тізілімін қамтамасыз ету; ашық есік күндерін өткізу; дауларды медиация қызметі мамандарын шақыру арқылы оңтайлы шешуді қарастыру, дау-жанжалдарды сотқа дейін шешудің тиімді, баламалы бітімгершілік институттарын кеңінен қолданып, іске асыру; атқарылған жұмыстарын бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты негізде насихаттау, жариялап отыру. Созақ ауданы Ардагерлер кеңесінің міндеттемесі қоғамдық медиаторлар кеңестерін, татуласу орталықтарын құру және жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әрекет ету; дау-жанжалдарды сотқа дейін шешудің тиімді, баламалы бітімгершілік институттарын кеңінен қолданып, іске асыру; келісушілік тараптармен жүйелі түрде өзара ақпарат алмасып отыру; атқарылған жұмыстарын бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты негізде насихаттау, жариялап отыру. Міне, осы міндеттемелерді мақсат тұтқан үш тарап үлкен жауапкершілікпен өрелі іске бастама жасады.

Игілікті істің басы кешегі билеріміз бен шешендеріміз, ел бастаған көсемдеріміз ту еткен бұл байыпты бастама баршамызды әділетті де нұрлы жолға бастап отыр. Істеріміз баянды болсын!

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Үстіміздегі жылдың 26 қаңтары күні Үкіметтің кеңейтілген отырысын өткізіп, бірқатар тапсырмалар берген болатын.

Оның ішінде арнайы жер мәселесіне тоқталып, Жер кодексінің кейбір нормала-

пайдаланылмай жатқан немесе заңсыз пайдаланудағы жер учаскелеріне ауданның прокуратурасымен бірлесіп түгендеу жұмыстарын жүргізу мақсатында аудан аумағындағы пайдаланылмай жатқан немесе заңсыз пайдаланудағы жер учаскелеріне тиісінше талдау

тар шабындық, 2289,85 гектар жайылымдық) га жер учаскесі ауданның арнайы жер қорына қайтарылды. 26 357 гектар учаскесі қайта игеру кіріскен.

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков жиын өткізіп, қалған 34 952,2 га жерді мемлекет меншігіне қайтару мақса-

Тиімді пайдалану жұмыстарын жүргізуді тапсырды

рына жарияланған мораторийдің биыл аяқталатынын атап өтіп, Үкіметке Жер комиссиясының жұмысын қайта жандандыруды және қараша айына дейін түзетулерді қабылдауды тапсырып, ұсыныстарды тиісті деңгейде талқылап, нақты шешімдер қабылдау керектігін жеткізді.

Жайылым жерлерді игеру мәселесінде алдымен ауыл тұрғындарына қолжетімді болуы керектігін, ұтымды пайдалану қажеттілігін атап өтіп, қазіргі таңда ауыл тұрғындарына мал жаятын жайылым жердің тапшы болып отырғандығын, әсіресе Алматы, Түркістан облыстарында жайылымдық жерлердің жетіспейтіндігін назарға алды. Осы орайда Президент Үкіметке Бас прокуратурамен бірлесіп, биылғы жылдың соңына дейін пайдаланбай отырған жайылымдық жерлерді мемлекет меншігіне қайтарып алуды тапсырып, ол жерлерді мал басын көбейтіп, асылдандырып қожалықпен айналысатын шаруаларға беріп, қайта айналымға қосуды қатаң тапсырды.

Осыған орай, Қазақстан Республикасының «Жер Кодексінің» 92, 94 баптарына сай, Созақ ауданы бойынша



жұмыстарын жүргізу үшін Аудан әкімінің 06.04.2022 жылғы мақсатына сай пайдаланылмай жатқан жер учаскелеріне түгендеу жүргізу жөніндегі комиссия құру туралы №18 әкімімен арнайы комиссия құрылып қазіргі таңда аудан аумағында «Геоортал» базасынан 144 жер пайдаланушылардың агроқұрылымдарының жалпы көлемі 63 635,9 гектар (оның ішінде 62 359 гектар жайылымдық, 1276,9 гектар егістік) жер учаскелері пайдаланылмай жатқаны анықталды. Осы анықталған жер учаскелеріне тиісті зерделеу жұмыстарын жүргізіп нәтижесінде 13 жер пайдаланушының жалпы көлемі 2326,37 га оның ішінде (33,07 гектар егістік, 3,45 гек-

тында зерделеу жұмыстарын жүргізу үшін әр ауылдық округінің әкімі халықпен бірлесе отырып, жер учаскелерін мемлекет меншігіне қайтару жұмыстарын жүргізуді тапсырды.

«Біздің міндетіміз пайдаланылмай жатқан жерлерді мақсатына сай, тиімді пайдалануды түсіндіру. Жер иелеріне өнімді арттырып, шет елдерге экспортуға дейін жеткізу үшін бірлесіп жұмыс жасауымыз керек» деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.

Гульмира ОСПАНОВА, аудан әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің жер учаскелерінің тиімді пайдалану мен қорғалуын бақылау жөніндегі бас маманы.

СУДА ЖҮЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТҮСІНДІРІЛДІ

Жазғы шомылу маусымында суға кету жағдайларының алдын алу мақсатында «Суда абай болыңыз!» тақырыбында Жастар ресурстық орталығының жастары Қаратау ауылдық округі аумағында орналасқан өзендерде түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Түсіндірме жұмыстарында шомылу маусымында қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау, балаларды бақылаусыз қалдырмау басты назарда болуы, балалардың бақылаусыз қалуы салдарынан жазатайым оқиғалар орын алып жатқаны жөнінде мәліметтер келтіріліп, іс шара барысында қауіпсіздік шараларының нұсқаулығы түсіндірілді. Сонымен қатар, жасөспірімдерге судағы қауіпсіздік ережелері жөнінде дайындалған жадынама парақшалары таратылып, алғашқы көмекті қалай көрсету керектігі туралы түсіндірілді.



Ағаштарды дәрілеу жұмыстары жүргізілді

Шолаққорған ауылындағы ағаштарды ауруға қарсы залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді. Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков аппараттық жиында, қарағаш ағашына түсіп жатқан ауруды емдеу мақсатында жұмыс жүргізуді тапсырған болатын. Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылық министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Түркістан облыстық аумақтық инспекциясы мен Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы Шолаққорған ауылы бойынша филиалы мамандары қарағаштарды дәрілеу шараларын жүргізуді ұсынды.

Сектор бойынша бекітілген бөлімдер мен мекеме қызметкерлері жалпы ауыл округтері 5 гектар аумаққа «Тайфун», «БИ-58», препараттарымен қарағаштарды өңдеу жұмыстарын жүргізді.

«Созақ үні» - ақпарат.

Маусым айының алтысы мен жиырма төрт аралығында Шымкент қаласындағы Педагогикалық шеберлік орталығында Түркістан облысы мен Шымкент қаласына қарасты аудандар мен ауылдардан қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері пән бойынша тереңдетілген курстан өттік. Курс бағдарламасы: «Мектептегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» сабақтары: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» деп аталады. Бұл білім беру бағдарламасы қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімдерінің біліктілігін арттырып, 120 сағат курсты оқығандығы жөнінде куәлік және курс соңында 1 қысқа мерзімді сабақ жоспарын онлайн қорғап, сараптамадан өтсеңіз, сертификат беріледі.

Бағдарламаның негізгі мақсаты курс қатысушыларын жалпы орта білім беру деңгейінің қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәндері бойынша оқу бағдарламаларын іске асыруда, оқушылардың ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруда, бағалаудың теориялық және практикалық аспектілерін қолдануда мұғалімнің пәндік құзіреттілігі мен функционалдық сауаттылығын жетілдіруге бағытталған және оқушылардың метатанымдық дағдыларын дамытып, оқу жетістіктерін бағалауда тиімді тәсілдерді қолдану арқылы мұғалімдердің тәжірибесін жетілдіруді көздейді. Оқушылардың ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін инклюзивті оқу ортасын құруға бағытталған сабақ жоспарын жасауды үйретеді.

Мен осы бағдарламада берілген тақырыптарды егжей-тегжейлі оқып, жан-жақты ізденіп, жаңа дүниелерді үйрендім. Мықты тренер және

әріптестеріммен бірге жұмыс жасауда түрлі әдістер арқылы білім жетілдірдім. Тренеріміз Қожымбетова Айжан Мархабайқызы өз ісінің білікті маманы, талапшыл, еңбекқор әрі білімді кісі. Курста жан-жақтан келген тіл мамандарымен тренер берген тапсырмаларды топпен бірлесе орындап, креативті әдістерді пайдалана отырып қорғадық, түрлі сұрақтар аясында талқылау жүргізіп, жаңа білімдерді меңгердік. Әріптестерімізбен қызықты тапсырмалар әзірлеп, теория мен практиканы ұштастыра отырып әркім білгенімен бөлісіп, арамызда бауырмалдық қарым-қатынас орнады. Үлкен буын ұстаздар кейінгі жас мұғалімдермен өз тәжірибесімен бөлісіп, бір-бірімен пікір, ой алмасып, жақын байланыс құру арқылы білім мен тәжірибе арттырдық. Аз уақыттың ішінде бір-бірімізге бауыр басып, таныстығымыз артты.

Өзге курстарға қарағанда ерекше курс екенін байқағанымыз, мұғалімдердің сабақ барысында, әсіресе оқу мақсатына жетуде неге назар аудару керектігін талқылағанымыз менің білімімді тереңдетте түсті. Оқу мақсаттарын терең талдаудан өткізіуіміз, әрбір оқу мақсатын анықтап, бүгінгі сабағымда қандай дағдыны арттыруым маңызды, қандай функционалдық сауаттылықты дамытамын, сабағымның басымдылығы неде екенін нақты анықтап, барлық оқушыны толығымен үдеріске тарту үшін таңдалған



тәсілдің ерекшелігін білу мен үшін маңызды болды. Сабақтың жүйелілік ұстанымының сақталуы, бірізділіктің болуы, таңдалған тәсілдердің, тапсырмалардың барлығы оқу мақсатына негізделуін тағы да бір нақтылап алғанымыз дұрыс болды. Қазақ тілі сабағындағы тілдік дағдыларды меңгерудегі кедергілермен қалай жұмыс жасау керектігін және алдын алу тәсілдерін білдім. Интерференция теориясы мен үшін жаңалық болды, оны болдырмау, тілді шұбарламау әдістерін де қарастырып өттік. Білім берудің заманауи трендтері: жеке-леп оқыту, даралап оқыту мен саралап оқыту түрлерін курс барысында талқыладық. Талқылап қана қойған жоқпыз, тәжірибеде жасап көріп, өзімізден өткізіп, интерпретациялауға мүмкіндік болды. Жеке-

беруші ғана емес, енді дәрігер де болуы керек. Алдындағы инклюзивті оқушының жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктерін, денсаулығы мен әлеуметтік жағдайын жақсы біліп, құрбыларымен дұрыс қарым-қатынас орнатуына жағдай жасай отырып, олардың ортаға тез бейімделуіне ықпал етуім керектігін түсіндім. Және де ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға көбірек назар аударып, қолдау білдіруді және қысқа мерзімді сабақ жоспарына арнайы мақсат қою арқылы оқушылардың ерекшелігін ескере отырып тапсырма беруді назардан тыс қалдырмау керектігін білдім. Инклюзивті білім беру идеясы барлық балалар денсаулығына немесе ерекше білім беру қажеттіліктеріне қарамастан, мектеп өмірінің бөлсенді қатысушысы және қоғамның бір мүшесі екенін ұмытпағанымыз абзал.

Қандай курс оқыған тиімді? Онлайн курс оқып алсам ба? ПШО-ның офлайн курсына барсам ба, бармасам ба? деген секілді сұрақтар сізді мазалап жүрсе, онда көп ойланбай, тереңдетілген білім беретін білікті мамандардан құралған осындай курсқа баруға кеңес беремін!

Эльвира РУСТЕМОВА, Н.Төркелов атындағы ІТ мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Курсқа барудың тиімділігі

Су-тіршіліктің көзі,

Күнтізбеге байланысты еліміз бойынша Су шаруашылығы саласының қызметкерлері күні. Егер қолымыздағы мәліметтерге сүйенсек, Мемлекет басшысы су саласын дамыту мәселелеріне соңғы кездері көп көңіл бөліп жүр. Осы ретте, үкіметтің алдына бірқатар маңызды стратегиялық міндеттер қойып отыр. Мысалы Президент суармалы жер көлемін 2030 жылға дейін ағымдағы 1,6 млн. Гектардан 3 млн гектарға дейін ұлғайту жөнінде тапсырма берген. Сондай-ақ, апатты су қоймаларын қалпына келтіру, каналдарды цифрландыру, топтық су құбырларын салу қарастырылған.

Міне, осы орайда Түркістан облысы «Қазсушар» РМК филиалының Созақ ауданындағы бөлімшесінің де қызметкерлерінің ауданымыздың ауылшаруашылығы үшін атқарып келген, отырған жұмыстарын сөз етпегеніміз дұрыс болмас. Олай дейтінім, кешегі кеңес кезеңінен бері, онан бергі тәуелсіз мемлекет боп жасаған 31 жыл ішінде ауданымыздың ауылшаруашылығы қандай деңгейде болған болса да осы «Қазсушар» мекемесінің қызметкерлерінің мұнда айтарлықтай бір үлесі бар. Әрине, жұмыс болған жерде кемшілік те боп жатады. Дегенмен, тек: «жұмыссыз адам да ғана кемшілік болмайды» деген қағидаға сүйенсек, онда бұл салада да кемшіліктердің орын алып жатуы өмір заңдылығы. Алайда, осы салада қызмет істейтін мамандармен сөйлесіп отырсаңыз, бұл салада кетіп жатқан кемшіліктердің көпшілігі нақ осы «Қазсушар» РМК-нің Созақ аудандық бөлімшесіне тиесілі емес көрінеді. Осы және басқа мәселелер жайында сұхбаттасу үшін хабарласқанымда, мекеме басшылығы өздерінің маңдайалды қызметкерлерінің бірі Наятов Рамазанның есімін атады. Ендеше, Созақтық тәжірибелі су маманымен болған сұхбатымызды назарларыңызға ұсынамын:

-Рамазан, әуелі өзіңді оқырмандарымызға таныстырып, өмірің мен еңбек жолың жайлы әңгімелеп берсең!

-Жалпы, мен осы Шолаққорғанның тумасымын. Есімім Рамазан. Әкемнің аты Жандарбек, тегім Наятов. 1976 жылы 8 қыркүйекте дүниеге келдім және орта білімді А. Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектепте алып шықтым. Қазіргі таңда Түркістан облысы «Қазсушар» РМК-ның Созақ аудандық бөлімшесінде аға инженер боп жұмыс жасаймын. Негізінен, мамандығым ауылшаруашылығы саласының механигімін. Мектепті бітірген соң, 1993-1996 жылдар аралығында Түлкібас ауданының Т.Рысқұлов ауылындағы Ахмет Иассауи атындағы колледжде оқып, диплом алып шықтым. Ау-

ылға келген соң өзіміздің отбасылық «Жалын» ЖШС-да жұмыс жасадым. Алғашқыда, ел «Пост ГАИ» деп атап кеткен жерден жанармай бекетін ашып, сонда жұмыс



істедім. Онан кейін, 2003 жылдан бастап Шолаққорған Мұнай айдау станциясында еңбекті қорғау инженері, автокөліктер механигі болып қызмет атқардым. Сосын, 2010 жылдың қыркүйек айынан бастап, «Қазатомпромға» қарасты «Көмек-1» ЖШС-де 5 жылдай мердігер боп жұмыс жасадым. Кейіннен, 2018 жылы сол тұстағы басшымыз марқұм Тастыбаев Қайрат ағамыздың шақыртуымен «Қазсушар» мекемесіне инженер-эксплуататор болып жұмысқа келдім. Ал енді, 2021 жылдан бастап аға инженер болып жұмыс істеудемін.

-Өзі біздің ауданда неше су қоймасы бар және олардың бүгінгі таңдағы жай-күйі қалай?

-Ауданымыз бойынша, 7 үлкен су қоймасы, 5 су каналы және 1 магистральды су каналы бар. Солардың ішінде су қоймалары мен магистральды канал біздің бөлімшеге қарайды. Атап айттар болсам:

1. Қаратау ауылдық округіне қарасты «Күмісті-2» су қоймасы бар. Бұл су қоймасына 655 мың текше метр су жиналады. Бұның 140 га жерге су беру мүмкіншілігі бар және қазіргі Қаратау ауылдық округіне қарасты мектептің бауына және бірлі-жарым шаруа қожалықтардың суармалы егістік жерлеріне су беріледі.

2. «Бақырлы» су қоймасы ол жергілікті ауыл әкімдігіне қарайды. Сол су қоймасынан шығатын 1,9 шақырымды құрайтын су каналы бар ол да біздің бөлімшеге қарайды және сол жергілікті тұрғындардың үйіргелік жерлерін суғару мақсатында қолданылады. Жалпы, біздің ауданда су қоймаларынан бөлек 5 су каналы барын жоғарыда сөз еттім. Солардан бірі 6,5 шақырымды құрайтын «Ақсүмбе» су каналы бар ол да 2018 жылы Құмкенттегі «Жылыбұлақ», Қызылкөл ауылына қарасты «Үшбас», Созақ ауданы «Шұқырой» су каналдары біздің балансымызға өткен. Енді бұлардан 6 шақырымды «Жылыбұлақ» су каналын Құмкент ауыл әкімдігінің балансына өткіздік. Себебі, өзімізге қарасты су қоймалары мен каналдардың суын пайдаланғаны үшін аудан тұрғындары мен шаруа қожалық иелерінен қаржы алмайтындықтан аталмыш объектілерді жөндеуге қаралатын қаржымыз жоқ. Егер

де сол пайдаланылған судың әрбір литріне республикада, облыста бекітілген тарифпен ақша алып отырсақ, бәлкім сонда әлгі су қоймалары мен су каналдарын жөндеуден



қткізіп, жаңартып отыруға мүмкіндігіміз болар еді.

3. Созақ пен Көктөбе ауылының ортасындағы «Суындық» су каналы. Енді бұл су каналын аудан әкімдігінің көмегімен толықтай жаңалаған болатынбыз. Содан шыққан 94 цемент арықтың жарамды деген 60 данасын алып, Созақ ауданы «Шұқырой» су каналын жөндеуден өткіздік.

4. «Таушаға» су қоймасы

2012 жылдары жаңадан жөндеу жұмыстары жүріп, толықтай аяқталған. Нақтырақ айтсам, толықтай бәрі бетондалып, парафеті төселіп, жарығы жүргізіліп, жерасты су трубалары тартылып, су қозғағышына дейін ауыстырылған. Бұл тоған 300 га жерді суаруға арналған және бұл су қоймасынан Созақ, Қозмалдақ пен Басбұлақ ауылдарының тұрғындары үй іргелік жерлеріне және кәсіпкерлер шаруақожалық жерлеріне су алып отыр.

6. Біресек магистральды су каналы. Ұзындығы 33,380 шақырымды құрайды. Жалпы, бұл магистральды су каналы әу баста Қарасуан, Жуғы бағытындағы 950 гектарды құрайтын суармалы егіс алқабына су жеткізу мақсатында жүргізілген көрінеді. Қазіргі таңда егістікпен айналысатын 36 шаруақожалық біздің мекеменен келісімшартқа отырып су алуда. Тағы бір айта кететін жәйт, осы «Біресек» магистральды каналының бойынан жер алып, егіс егуші шаруақожалықтардың қатары едәуір арта түсуде. Бұл дегеніміз, алдағы уақытта су тапшылығы орын ала береді

өнім әрі жұмыс жеңіл және пайдасы шаш етекпен боп жүр. Тек, Қарасуан маңындағы отырған шаруалар ғана жан азығы мен мал азығына қатысты өнімдерді көбірек егуде.

7. Бабата су қоймасы. Бұл су қоймасы аты айтып тұрғандай Бабатаның маңайында орналасқан. Су қоймасы 1 млн 955 мың текше метрге дейін су жинайды. Жалпы, су қоймаға Бабата бұлағы деп аталатын бұлақтан ағып кеп жиналады. Басқа су қоймаларындағыдай мұнда да үш адам (гидротехник, су реттеуші және су бөлуші) жұмыс істейді. Негізінен, бұл су қоймасының суы қазіргі таңда Қызылкөлге жерастына сіңу арқылы барып құйылып жатыр. Естуімше, ертеректе сол Қызылкөлдің маңындағы Тазшабай деп аталатын жерде 50 га суармалы егістік жер болғанға ұқсайды. Кейіннен, Қызылкөлдің экологиялық қауіпсіздігін ойлаған өкімет Бабатаның суын көлге құйып, егістік жерді де аудандық жер қорына қайтарған көрінеді. Сондай-ақ, біркездері Қызылкөлге су құю мақсатында бірнеше шақырымға канал тартылған

«ҚАЗСУШАР» РМК ТҮРКІСТАН ФИЛИАЛЫ СОЗАҚ ӨНДІРІСТІК БӨЛІМШЕСІ



Шаға менен Көктөбенің арасына орналасқан. Бұл су қоймасына 1 млн 7900 мың текше метр су сыяды. Қарағұрдың Таукент жақ бетін алып жатыр. Бұл негізінен қолмен тастардан қаланып соғылған ескі табиғи тоған. 2019 жылы апатты жағдайда болғандықтан біздің мекеме суын тегіп, тазалап берген болатынбыз. Сосын, «Гидроқұрылыс» ЖШС цементтеп, парафет төсеп, 4 шақырым жерге жерасты трубасын жүргізіп жөндеуден өткізді. Сондай-ақ, шаруа қожалықтарының егістік жерлеріне кететін тұстарына 28 дана гидрант қойды және басына іс сапармен барғандар жататын және қосалқы бөлшектер тұратын үй салды. Тағы да Қарағұрдан 217 электр бағанасын тартып, жарық жүргізіп берді. Қазіргі таңда бұл тоған Шаға ауылын сумен толық қамтып отыр.

5. Төскейсаз су қоймасы. Бұл су қоймасына 2010-

дегенді білдіреді. Өздеріңіз де жақсы білесіздер, бұл су тапшылығы біздің ауданымызда ғана емес, бүкіл әлемде сезіледі. Ендеше, осы магистральды су каналының бойынан жер беруді тоқтатып, тек, жаңбырлатып немесе тамшылатып суарамын деген азаматтарға ғана берген жөн. Сосын, көптеген шаруақожалықтар қазіргі өзінде жаңбырлатып немесе тамшылатып суарамын деп жер алып ап, артынша-ақ су тауып бер деп байбалам соғуды әдетке айналдырып алды. Міне, нақ осы жағдайдың алдын алмасақ, екі-үш ұрпақтан бері егіс егіп отбасын асырап, елге де өнім беріп келген шаруашылықтардың өлуіне, өшуіне себеп болып қалуымыз бек мүмкін. Тағы да соңғы жылдары шаруақожалықтар дөңді-дақылдар мен бақша өнімдерін егуді мүлдем қойып, тек жоңышқа егуді әдетке айналдырып алды. Себебі, жоңышқа көпжылдық

екен. Қазіргі таңда бұл канал қалпына келтіруді қажет етіп отыр. Сонымен қатар, бүгінгі көлге 200-250 литрдей су құйылып жатыр. Дегенмен, бұл жерасты суы арқылы Қызылкөлге су беру көлдің экологиялық жағдайын шеше алмай отыр. Егерде жоғарыда айтылған каналды қалпына келтіре алсақ, онда көлді тиісті деңгейде толтырып, экологиялық мәселелерді шеше алар едік.

8. Үштөбе су қоймасы. Бұл су қоймасы Жартытөбе ауыл округі, Аққолтық ауылының маңында орналасқан. Үштөбе су қоймасы 1 млн 790 мың текше метр суға арналып салынған. Тоғанға су Аққолтық өзенінен кеп құяды. Тоғанның суы 300 гектар жерге жетеді. Негізінен, бұл су қоймасынан төменгі сағасында отырған шаруақожалықтар егістіктеріне су алып отыр. Бүгінгі күні бұл жерлердің 15 гектарына жүгері және қалған жерлеріне жоңышқа егілуде.

Өмірдің нағыз өзі

9. Торлан су қоймасы. Бұл су қоймасы Түркістан- Шолаққорған бағытындағы күре жолдың маңына, таудың ішінде салынған. Торлан су қоймасындағы судың көлемі 1 млн 874 мың текше метрді құрайды. Тоғаннан ТНГ- 850 мм труба шығып, сол арқылы Шолаққорған ауылына қарасты көшелердің тұрғындарына тиесілі 450 га есік алдындағы егістік жерлеріне су берілуде. Бұл су трассасы 23 шақырымды құрайды және жер астымен трубалар арқылы жүргендіктен мейлінше тұрғындарға шығынсыз жетіп барады. Шолаққорған ауылының кіре берісіне шлюздар орналасқан солар арқылы көшелерге су тарайды. Жалпы, біздің Түркістан облысы «Қазсушар» РМК филиалының Созақ ауданындағы бөлімшесінде ұзын саны 42 адам қызмет жасайды. Мекемедің тарихы да біраз тереңге бойлап жатыр. Бұл жайында өзіңіз осыдан бірер жыл бұрын «Созақ үні» газетінде жазған болатынсыз. Сол себепті де ол жайында қайталанғым келмей отыр. Сондай-ақ, сіздердің газет арқылы барша әріптестерімді өткен, 9 шілде су шаруашылығы қызметкерлері күнімен құттықтаймын және еңбекте табыс тілеймін!».

Иә, ағайын! Мақаланың тақырыбында айтылғандай, шынында су тіршіліктің көзі, өмірдің нағыз өзі. Олай дейтінім, егер халық арасындағы «күн, ауа, жер менен су» тіршіліктің қайнар көзі десек, онсыз адам да басқа да барша мақұлқаттар өмір сүре алмайтыны үшін су- өмірдің өзі. Оның үстіне, ауданымыз өндірісті аймаққа айналғанға дейін, өңіріміздің бір ғана тіршілік көзі болған, ол да ауыл және мал шаруашылығы еді. Өзім газеттегі 11 жылдық еңбек өтілімнің соңғы 3-4 жылын осы салаға арнадым десем, осы жылдар ішінде ауылшаруашылығы саласын су шаруашылығы саласынсыз елестетудің өзі мүмкін емес екендігін ұқтым. Жалпы, өздеріңіз де кейіпкерімнің сөздерінен ұққандай ауданымыздағы су қоры әзірше халқымыздың үй іргелік және шаруашылық мақсаттағы егістік жерлерін толықтай қамтамасыз ететініне көзіміз жетіп отыр. Тек, осы су қорының алдағы уақыттарда халқымызға жетуі үшін біраз мәселелерді қазірден қолға алған жөн. Әрине, мен бұл ойға осы ауыл және су шаруашылығы салаларында жүрген бүгінгі кейіпкерім секілді өз ісінің майталмандарымен және ес білгелі егістік егіп, екі-үш буын ұрпақтан бері осы кәсіптің қазанында қайнап келе жатқан шаруалармен бірнеше рет сөйлесіп, сұхбаттасқаннан соң барып



отырмын. Тіпті, Шолаққорған ауыл әкімдігінің жанындағы «Парасат» клубының бірнеше отырыстарына тиісті салалардың мамандары мен шаруақожалық иелерін шақырып, нақ осы ауыл және су шаруашылық салаларының жұмыстарын оңтайландыру жайын да сөз еткеніміз де бар. Нәтижесінде, 7 маусым күні аудан әкімі Парасаттықтарды кіші мәжіліс залында қабылдап, әңгіме-дүкен құрғанымызда аудан басшысына осы уақыт аралығында атқарған бірнеше мәселелер жөнінде ұсыныс айтып, қағазға жазып берген болатынбыз. Мұхит Сексенбайұлына да көп рахмет, ұсыныстарымыздың бірнешеуін сол жерде-ақ қарап қолдайтынын білдірді және қалғанын да уақыт тауып қарайтындығына уәде беріп қалды.

Ендеше, сол аудан басшысына қарауына кіргізген ұсынысымыздың нақ осы Шолаққорған ауыл және су шаруашылықтарын оңтайландыруға және жүйелендіруге арналған тұсын оқырмандарымыздың да назарына ұсынуды жөн көрдім: Ауылшаруашылық мақсатында пайдаланылатын егістік жерлер мен оған берілетін судың мәселесін оңтайландыру;

Ал енді, «Біресек» магистральды каналының басындағы су жинайтын құрылғыға жауын-шашын көп болған жылдары көктем-күз айларында 950-1 млн литрге дейін су жиылады екен. Ал шілде айларында 400 литрге, қатты ыстықтарда 250 литрге дейін су азайып кететін көрінеді. Жалпы, бұл су магистралін жоғарыда айтқанымыздай, Қарасуан, Қоңырбай және Жуғы маңындағы 950 гектар жерге есептеп салған көрінеді. Дегенмен, берідегі 20-30 жылда «Біресек» каналының басы мен Жеткіншек елді мекенінің аралығын алып

жатқан Жамандала жерінен де суармалы мақсатта шаруақожалықтарға жерді емен де семен беріп тастаған. Нәтижесінде, қазіргі таңда Қарасуандықтарға су жеткізіп беру қиынға соғып отыр. Әрине, бұл Шолаққорған шаруаларын су тапшылығына ұрындырып отырған бірнеше мәселенің бірі ғана. Мұнан бөлек те, төмендегідей бірнеше жәйт бар:

1. Біресек каналына ағымды жөндеу жұмыстарын және мүмкін болса түбегейлі өзгерту жұмыстарын жүргізу қажет. Себебі, каналдың бойына салынған цемент арықтардың көпшілігі ескірген. Мәселен:

Біріншіден, каналдың басындағы құрылғыға жиылған су жауын-шашын мол болған жылдары цемент арықтарға сыймай, жартысынан азын Қарабұлақ ауылына кететін тастаққа салуға мәжбүр болады су мамандары. Мұның өзі өз кезегінде әжептәуір судың тастаққа сіңіп, судың ысырап болуына апарып соқтырып отыр. Екіншіден, Біресек магистральды каналына құрылғыға негізгі су қоры Көкбұлақтан бөлек, жоғарғы жағында таудың ішіндегі (Жосалы, Шіркейлі сияқты т.б.) бұлақтардан ағып келетін қашыртқы сулар тастаққа сіңіп, ыстық күндерде бұ боп ұшып кетіп жатыр екен. Иә, басқасын білмеймін нақ мына Жосалының суын әу баста 8 шақырымдай жерасты трубасын тартып, Көкбұлақтың суына қосқан екен. Қазіргі таңда сол судың көктемде бір 100, ал шілдеде 50 литрдей Біресек каналына қосымша боп отыр. Алайда, сол тартылған 8 шақырымдық жерасты трубасы мен Жосалы бұлағына дейінгі 1-1,5 шақырымдай аралыққа труба жүргізілмегендіктен судың көбісі жерге сіңіп кетіп жатыр екен. Егерде осы айтылған бұлақтар мен Қарабұлақ ауылына жоғары

сағасындағы тастаққа жайылып жатқан Көкбұлақтың суының каналға сыймаған бір бөлігін және Біресектің цемент арықтағы суын Қарасуанға дейін жерасты жолымен труба арқылы апарса, каналдың суының көлемін едәуір арттыруға, сөйтіп су тапшылығының алдын алуға әбден болады.

2. Су тапшылығының орын алуына байланысты жер телімін бет алды беруді тоқтату;

3. Егістік жерлерге тек жоңышқа егілуде, керісінше бидай, картоп, бау-бақша т.б. халық көп тұтынатын өнімдерді егу жолдарын қарастыру;

4. Шаруақожалықтардың көкөніс өнімдерін сақтау қоймаларын салу. Шаруалардан алып, тұтынушыларға жеткізу жолдарын қарау;

5. Жаман Дала аталып кеткен, Біресек каналы мен темір жолға дейінгі аралығындағы жер телімдерін тек қана тамшылатып суғару мен жаңбырлатып суғару технологиясын қолдану мақсатында ғана берілсе. Ал, Біресек каналының суын пайдаланамын деген шаруаларға Қарасуан даласынан жер берген тиімді. Өйткені, жалпы 900 га жері бар Қарасуанның бүгінгі таңда шаруалардың айтуынша тек 450 га жері ғана игерілуде. Демек, игерілмей жатқан 500 га жерді егіспен айналысамын деген ниеттегі шаруақожалық иелеріне беруді қарастырсақ. Мұның бірнеше себебі бар.

Біріншіден, Жаман дала жеріне қарағанда Қарасуан даласының топырағы әлдеқайда құнарлы. Мысалы, Жамандала жеріне суармалы жоңышқа еккен кәсіпкер азаматтар гектарынан 100-150 дана шөп алатын болса, Қарасуан бойындағы шаруалар гектарына 500 данаға дейін дестеленген жоңышқа алып отыр.

Екіншіден, Жамандала егістік алқабының жері құнарсыз әрі тастақты. Сол себепті де суды көп талап етеді және жоғарыда айтқанымыздай аз өнім береді.

6. Шілде айларында суды мүмкін болса тек майда егіске беретін жағдай жасау қажет. Өйтпеген жағдайда дәнді-дақылдар мен бақша өнімдерін егуші шаруалар шығынға шаш етекпен бата-тын көрінеді. Егер, осы су тапшылығы мәселесін шешсек, Қарасуандық шаруалар дәнді-дақылдар мен бақша өнімдерін егетін егіс алқаптарының көлемін арттырылары келеді. Мұндай жағдайда басқаны білмеймін, Шолаққорған халқының азық-түлік және мал азығы мәселесін түбегейлі шешуге әбден болатын сияқты.

7. Жалпы, ауданымыз бойынша ауыл және мал шаруашылығы мақсатында жер бергенде екі шаруашылықтың бір-бірімен араласпауын ескерген жөн секілді. Әйтпесе, мал бағушы мен егін егуші шаруалар азаннан кешке дейін бір-бірінен шаруашылығын қорумен, қауіппен күндерін өткізуде.

Сөз соңында бүгін Созақ үні газетінің редакциясына келіп, әңгімелесуге келіскен Наятов Рамазан інімізге үлкен рахметімізді айтып, р и з а ш ы л ы ғ ы м ы з д ы білдіреміз. Негізінен, бұл Рамазан қызмет істейтін ұжымының қызметкерлерінің көпшілігі білім-білігі мол, кәсіби деңгейде шыңдалған азаматтар. Дегенмен, нақ осы су шарашылығы саласының жұмысын әлі де ширатып, жүйелендіре түскен жөн секілді. Әрине, біз бұдан ұтпасақ, ұтылмайтынмыз анық. Мұны мен ұжым қызметкерлерінің өздеріне де айттым және менің бұл ойыммен өздері де келісті. Ендігі жерде бар үмітіміз Түркістан облысы «Қазсушар» РМК филиалының Созақ ауданындағы бөлімшесінің жаңа да жас басшысы Тастыбаев Қанат Қайратұлында және ұжымында. Айтқандай, өткен 9 Шілде су шаруашылығы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі болатын. Осы орайда ұжым басшысын және қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен оқырмандарымыздың, редакциямыз бен аудандық ауылшаруашылығы саласының қызметкерлері мен шаруалардың атынан құттықтаймыз. Ауданымыздың ауылшаруашылығы саласының өркендеуіне осылай қажымай, талмай еңбек ете беріңіздер. Ел де сіздерді елеусіз қалдырмас деген сенімдемін. Тағы да мереке құтты болсын!

Данияр БЕК.

Қазақстан Республикасының дін саласындағы саясаты

Қазақстан Республикасының дін саласындағы саясаты

Қоғам – экономикалық және рухани біртұтастық пен өмір сүру жағдайын ұйымдастырудың тұтастығымен сипатталатын, белгілі бір аумақтағы адамдар бірлігі. Саяси жүйе – елдің саяси өміріне қатысатын мемлекет пен мемлекеттік емес қоғамдық құрылымдардың біртұтас кешенде қарастырылуы. Қоғамның саяси жүйесі – мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың, еңбек ұжымдарының бірігіп, елдің саяси өміріне кірісіп, қоғамды дамытуға, нығайтуға үлес қосуы. Саяси жүйенің ең күрделі, ең маңызды элементі – мемлекет. Саяси жүйенің қоғамды басқарудағы ең орталық буыны – мемлекет. Біріншіден, ол саяси жүйенің билігін, мүдде-мақсатын іске асыратын ең негізгі аппарат. Екіншіден, мемлекет саяси жүйенің барлық элементін біріктіріп, саяси функция арқылы қоғамның игілікті құндылықтарын әділетті бөлу процесін басқарып отырады.

Саясаттың басты ерекшелігіне оның әртүрлі мүдделерді үйлестіре алатын, әлеуметтік қатынастарды реттеп, қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз ететін қасиеті жатады. Мемлекеттік саясаттың тағы бір өзекті де күрделі бағыттарының бірі – мемлекеттің дін саласындағы саясаты. Еліміздегі дін саласындағы саясатының негізгі бағыт бағдары зайырлылық қағидаттары, конфессияаралық және ұлтаралық келісім, экстремизм мен терроризмге қарсы күрес болып табылады. Жоғарыда айтылғандардың негізінде мемлекеттің дін саласындағы саясаты жасақталып, ел игілігі үшін жұмыс атқарады.

Егемен еліміздің ең үлкен жетістіктерінің бірі – ел аза-



маттары арасындағы бірлік. Ұлтаралық және дінаралық келісімнің нығаюы, 130-дан астам ұлт пен ұлыстың, 18 конфессия өкілдерінің тату-тәтті, бейбіт өмір кешіп жатқан Қазақстан бүгінде әлем елдеріне үлгі өнеге.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабы 1-тармағында өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп атап көрсетілген. Заманауи шынайылықтағы зайырлы мемлекет ұғымының мазмұны құқықтық, демократиялық құндылықтарға негізделген және сенім мәселесінде дінге мүмкіндік беретін мемлекет ретінде тұжырымдалады. Сондықтан дінаралық қарым-қатынас тәжірибесі әлем назарына ілігіп отырғаны белгілі. Ата заңымызда дін мен мемлекет бөлек дегенімізбен дінді қоғамнан, адамнан бөліп жару мүмкін емес.

Зайырлылық – мемлекет пен діннің бір-бірінен бөлінуі, мемлекеттің әлеуметтік, саяси, және құқықтық негізгі

жүйесінің аз да болса діни қағидаларға сүйенбеуін білдіреді. Мемлекет пен зайырлылық ұстанымы ешқандай дінге бөгет жасамайды, тек мемлекеттің дін саласына араласпауы және белгілі бір діни ұстанымға басымдық бермейтініне кепілдік береді.

Зайырлылық ұғымы дін саласында барынша ашықтықты, анық саясат ұстанатынын көрсетеді. Зайырлылық қағидатына сәйкес, дін мен мемлекет бөлек дегенімізбен дінді қоғамнан, адамнан бөліп алып қарастыра алмаймыз. Қандай заман болмасын адам жүрегінде белгілі бір тылсым күштің бар екенін сезетін тетік бар деп айтсақ артық болмас. Егемен еліміздің аяққа тұрып, басқа да мемлекеттермен иық тіресіп тұруына зайырлылық қағидаттарының да үлесі орасан зор екенін ұмытпауымыз тиіс. Сонымен қатар, қандай дін болмасын адамзаттың құндылығына негізделген, Қазақстан халқының бірлігіне нұқсан келтірмейтін діндерге қарсы еместігін, тиісінше қолдау көрсетілетінін мәлімдеген бо-

латын.

Конфессияаралық келісім – тәуелсіз еліміздің халқы үшін өзара түсіністікті қажет ететін қастерлі құндылық. Қандай да бір мемлекеттің дамуы үшін қоғамда ішкі тұрақтылық қажет. Еліміздің мемлекеттік саясаты азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге негізделген қағидаттарды басшылыққа алады. Сонымен бірге, елдегі қалыптасқан мемлекеттік-конфессиялық қатынастар барлық конфессиялар мен діни топтардың тең құқықтығын қамтамасыз етуге бағытталған. Әр түрлі конфессия өкілдерімен достық қарым-қатынас орнатып, оларға қамқорлық көрсету, толерантты болу адами құндылықтардың шыңы болып табылады. Еліміздің осы сала бойынша жеткен жетістігі жетерлік. Еліміздің тұрақты дамуының кепілі – бейбітшілік пен ынтымақтастықта.

Қазақстан Республикасының 2011 жылы қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңында: «Ханафи бағытындағы исламның және православтық христиандықтың халықтың рухани өміріндегі тарихи рөлін мойындайтынмызды» айтылады. Тарих қойнауына көз салсақ, қазақ даласында Ислам діні бастауын VIII ғасырдан алып, бүгінгі күнімізге дейін өміршеңдігін жоғалтпай, ұлт болып ұйып отырғанымызға өзіндік ықпалын тигізді. Христиан дінінің православ бағыты да елеулі орындардың бірін алады. Қазақстан жеріне қоныс аударылған орыстар, украиндер және т.б. ұлт өкілдерінің негізгі діні болып саналды. Осылайша, екі дін Қазақстан халқының бірлігінің артуына айтарлықтай үлес қосуда.

Мемлекеттің дін саласындағы келесі бер ең өзекті бағыты – экстремизм мен

терроризмге қарсы күрес. Экстремизм мен терроризм жаһандану дәуіріндегі ұлттық қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін сыртқы және ішкі факторлардың әсер етуімен жүзеге асатын күрделі саяси пиғыл. Ешқандай мемлекет немесе ұлт бұл пәлекеттен 100% арыла алмаған. Әлемнің дамыған және артта қалған елдердің өзінде экстремистік және террорлық іс-әрекеттер болып тұрады. Түрлі күштердің арласуы, кейбір кездерде әлемдік мәселеге айналып жатады. Осы секілді теріс ұғымдарға қарсы үгіт-насихат, ақпараттық-түсіндіру, азаматтардың бойында табандылық пен патриотизмді дәріптеуді тоқтатпауымыз қажет.

Қорытындылай келе, мемлекеттің дін саласындағы саясаты өте күрделі жүйелердің бірі. Сондықтан да еліміздің даму жолында зайырлылықтың алатын орны орасан зор. Зайырлылық қағидаттары, ұлтаралық және дінаралық келісім – мемлекеттің баяндылығына, тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуына қызмет ететін, еліміздің азаматтарының құқықтарын қорғайтын, діни бостандығына кепілдік беретін, заман талабына сай жасақталған жүйе. Экстремизм мен терроризмнің қандай да болсын сипаттарына, түрлеріне азамат болып, қоғам болып ат салысып қарсы тұруымыз қажет. Елдік пен егемендіктің мүддесіне қарсы түрде әрекет ететін түрлі саяси және діни топтарға тойтарыс беріп, азаматтық позициямызды ұмытпауымыз қажет.

А. ТАҒАЙ,
Түркістан облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ теологы.

Әбу Мансур Мухаммед ибн Мухаммед әл-Матуриди, көбіне Имам Әбу Мансур әл-Матуриди деген атпен танымал Орта Азиялық ғалым. Есімі туылған жеріне яғни, Самарқанд маңындағы «Матурид» қалашығына байланысты қойылған. Матуридидің туылған жылы жайлы нақты дереккөздер жоқ. Алайда, өз ғасырының белгі ғалымдарының бірі болғаны анық. Имам Матуриди жайлы Абдулла ибн Мараи: «Әбу Мансур ең мықты дәлелдерді ұстана білген, мұсылмандардың арасында күдік тудырушылардан сақтаушы және дінсіздердің құмандарын тыюшы», - деген пікір білдірсе, Шейх Абу әл-Хасан ән-Нәдәуи: «Алғырлығымен, терең ойлау қабілетімен ерекше көзге түскен және түрлі ғылымдарды кеңінен меңгерген ойшыл», - деп Имам Матуридидің ілім деңгейін сипаттап берді.

Имам Матуридидің ақида (сенім) мәселесіндегі көзқарастары Имам Ағзам Әбу Ханифаның түсінігімен дәлме-дәл келеді. Себебі, Матуриди Имам Әбу Ханифаның алқалы жиындарына

Матуриди бағытының ақидадағы дәлелдері

қатысып, білімінен сусындаған Әбу Сулеймен Мұса ибн Сүлеймен әл-Жузжани, Мухаммедин Муқатил әр-Рази, Нусайр ибн Яхия әл-Балхи сынды ғалымдардың қолында сабақ алғандығы жоғарыда айтылған мәселені нақтылайды.

Әбу Мансур әл-Матуриди «иман» тұрғысында: «Ақылмен иманды білу, яғни, Раббысын тану керек», - деген пікіріне қатысты Абул фадл әл-Балхи «Мунтақа» атты кітапта Имам Әбу Ханифаның: «Аспан әлемі мен Жердің, өзінің қалай жаратылғанына ой жүгіртіп, білімсіздігі себепті Жаратушысын танымаған адамда үзірлі жағдай болмайды. Егер Алланың бар екендігін түсіндіретін пайғамбар жіберілмесе де өз ақылымен Раббысын тану керек», - деген сөзін жеткізді.

Имам Матуриди «Алла Аршыға Истауа етті», - аяты тұрасында: «Біздің түсінігіміздегі негіз Алла Тағалаға ешнәрсені ұқсатпау. Себебі, Алла өзін жаратылысқа ұқсатудан тыйған. «Алла Аршыға истауа етті» аятында Раббымыз ол аятта нені мақсат еткен болса соған иман келтіру қажетпіз. Сол секілді, Алланы қияметте көру және т.б. мәселелерде Алланың Өзі қалағанындай түсіну керек, біржақты мағына беруден сақтануымыз тиіс», - деген пікірді алға тартады. Сонымен қатар, қияметте Алланы көру мәселесінде Имам Матуриди: «Еш кейіпсіз көрнеді», - деп айтқан.

Бұл мәселеде Имам Ағзам Әбу Ханифа өзінің «әл-Уасия» атты еңбегінде: «Хақ Тағаланың Аршыға ешбір мұқтаждықсыз әрі оған орнығусыз истәуә қылғанына

иман келтіреміз. Әсілінде Алла Тағала Аршыны да, одан басқаны да сақтаушы әрі оған мүлдем мұқтаж емес», - деген сөзін келтіруге болады. Алланың қияметте көру жайлы Имам Ағзам: «Алла Тағала ақыретте көрінеді. Мүміндер жәннатта өз көздерімен ұқсатусыз, бейне-пішінсіз, шектеусіз (белгілі бір мөлшерсіз) Оны көреді. Сондай-ақ, Хақ Тағала мен жаратылыстарының арасында қандай да бір қашықтық болмайды», - деген көзқараста. Жоғарыда айтылған мәселеге терең үңілсеңіз ұлық имам Әбу Ханифа мен Имам Матуридидің пікірлері бір екендігін байқауға болады.

Бүгінгі таңдағы кейбір азаматтардың Имам Матуридидің ақидадағы көзқарасын «Әһлус сунна» ұстанымына сай емес, «философия»

ғылымына жақын деген жаңсақ пікірді ұстанып келеді. Бұл мәселеде атақты мухаддис ғалым әз-Зәбиди: «Әһлус сунна уал жамаа» деп айтылуы мақсат – Матуриди мен Ашғарилер», - деген көзқарасын білдірді.

Жоғарыда қозғалған тақырыптар бүгінгі таңда қоғамда түйткілді әрі көбіне талқылаудағы мәселелер. Десе де, алдағы уақыттарда Имам Әбу Мансур әл-Матуридидің еңбектерін терең зерттей келе, атақты ғламаның сенім мәселесіндегі ұстанымы Пайғамбардың (с.а.с) және оның артына нәрсені ілім жолындағы ізгілердің түсінігіне сай болмаса, қайшы келмейтініне көз жеткізуге болады.

І. НАҒЫЗХАН,
«Оңалту жұмыстарын ұйымдастыру» бөлімінің бас маманы.

Құттықтаймыз! Жетпіс жастың құтты болсын белесі

Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде әрқилы. Оны сырт көз өздерінше бағалап та жатады. Сондағы жалпының іздейтіні біреу: ол – кісілік келбет, азаматтық тұлға. Оған – дәл осындай адами асқақ қасиетке, қанша ғұмыр кешкенімен, жеткен де бар, жетпеген де бар. Ағымдағы жылы асыл жеңешеміз **Жамал Еділова** мерейлі 70 жасқа толып отыр.



Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты Сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесі – 70 жасқа алып жетті. Сіз осы кемелдікке тың жігер, жарқын көңілмен келіп отырсыз. Сізді осынау мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейміз!

**Өткен күннің артта қалып өлесі,
Тіршіліктің жылжи берер кемесі.
Басыңызға бақ пен ырыс сыйлаған,
Жетпіс жастың құтты болсын белесі.
Өміріңіз ұрпаққа өнеге мың,
Тілейміз қуанышқа бөленгенін.
Жүзге келіп, марқайып отырыңыз,
Қылығына қуанып шөберенің.**

**Ізгі ниетпен құттықтаушы:
қайыны Жарас Қалдыбиев.**

Өрт тілсіз жау

Қорықты қорғай білейік

Жасыл аймаққа жанашырлық керек

Табиғаттың басты байлығы өсімдіктер, әсіресе қоршаған қалың орманды алқапты жоғалып, жойылып кетуден қорғап, жанашырлықпен қарап көзіміздің ағы мен қарасындай сақтауымыз керек. «Бір тал кесең, он тал ек», - деген қағида баршамыздың парызымыз деп санау қажет. Орманды алқапта, сексеуіл тепе-теңдікті сақтап, қатты соққан жауылды желден, көптеген апаттардан қорғап қалады. Қыстың қақаған аязды күндерінде жабайы аң – құстарға ықтасын пана болып, жейтін азық болатын естен шығармайық. Сондықтан орманды алқаптардың құрпы кетіп, жоғалуына жол бермей, көзін жоюдан аулақ болайық.

Тойымсыздық пен, ашкөздіктен құртылған дүниенің орнына қайта келу көп жылдар еншісінде екені анық.

Әсіресе орманымызды өрттен сақтау әрбірімізге зор міндет. Кенеттен болған өрт, аң құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қияна-тымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі – таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз.

**Сатхан ӘЛІМБЕКОВ,
Қаратау қорығының
инспекторы.**

Жыл айналды екеуі де өткелі...



Шолақорған а у ы л ы н ы ң тұрғындары, бірі асыл әже, ардақты ана, бірі аяулы жан, қимас бауыр болған **Қалжанова Пұлыш** анамыз бен **Лаура Амангелдіқызының** өмірден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Жаны жайсаң жандардың нұрлы бейнелерін сағынышпен еске



аламыз.

Жыл айналды екеуі де өткелі, Одан бері қаншама ағаш көктеді. Туған-туыс, бауырларың орнында, Бәрібір де өздеріңе жетпеді... Кеткендей боп қабырғамыз сөгіліп, Әр күн сайын еске аламыз егіліп. Амал қанша қос аяулы жан үшін, Жылдық асы жатыр енді беріліп..., - деп, аяулы анамыз Пұлыш Қалжанова мен ардақты бауырымыз Лаура Амангелдіқызының рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 23 шілде күні (22 шілде – қонақ асы) Шолақорған ауылы, Ы.Алтынсарин көшесіндегі өз шаңырақтарында беріледі.

Асқа шақырушылар: Жантілесовтер әулеті.

Әр азаматтың міндеті

Сыбайлас жемқорлық ежелден келе жатқан құбылыс. Тіпті жер бетіне адам пайда болғаннан бері келе жатқан құбылыс болуы мүмкін. Әрине, тарихи процесс барысында жемқорлық түрлері өзгеріп келеді. Қазіргі таңда жемқорлықтың жалпылама белгілері: лауазымды адамның өзге адамның пайдасына шешілген әрекеті үшін ақшалай, бағалы қағаз немесе мүлік ретінде алған парасы, лауазымды адамның қызметін пайдаланып туысын, жақынын қарамағына жұмысқа алу, мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаражаттың бір бөлігін өз қалтасына салу, мемлекеттің мүлкін талан-таражға салу. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтары – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін жоғарылату, адамдар арасында жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру.

«ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастамасымен «Саналы ұрпақ», «адал ұрпақ» деп аталатын топтар құрылды. Жобалардың басты мақсаты өскелең

ұрпақ арасында жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру. «Саналы ұрпақ» тобы жоғары оқу орындарының студенттері арасында жұмыс істейді. Онда түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып тұрады. Мектеп оқушыларын қамтитын «Адал ұрпақ» жобасы. Жобаның басты мақсаты жемқорлыққа қарсы түсіндірме жұмыстары жүргізіледі және жемқорлыққа қарсы балалар шығармашылығының байқаулары ұйымдастырылады. Қоғамдық жұмыстардың белсенділігін арттыру мақсатында «Адалдық алаңы» деп аталатын жобалық кеңселер ашылды. Қоғам белсенділері агенттік қызметкерлерімен бірлесіп қоғамды жемқорлық дертінен құтқару жолында жұмыс жасалып жатыр.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арызшағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге

міндетті.

«Әділдік жоқ жерде пара белең алады»,

«Дүние – байлық неге керек, денсаулығың болмаса,

Төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз сот саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де бағдары іспеттес. Шыныда да, біз әділ төрелік жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие боламыз. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

Елбасы жолдауында: «Заңды бұзған екенсің, оның баптарына сәйкес жауапқа тартыласың» дейтін нақты ереже бар. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

**А.Б.КУЛМЕНОВ,
ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО»
ШЖҚ РМК
ТО бойынша филиалы
Созақ аудандық
бөлімшесінің бастығы.**

Жемқорлыққа қарсы күрес

Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсаймайтын әлемдегі барлық елдердің қайсын болмасын да қатты алаңдататыны айқын.

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы - адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республика-

сының Заңында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі» деп түсіндіріледі.

Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты төзбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы болып табылады.

Қазақстан Республикасының әр азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра білсе еліміздің дамуы бұданда

биік дәрежеге көтерілетіні хақ. Жалпы, кез-келген қызметкер өз отбасында, әріптестерінің арасында осы бір қағидаларды ұран қыла білсе, бұл індеттің түбімен жойылатыны анық.

Әрбір қоғам дамуының жақсы жағымен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуалының жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту - әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

**Б. ЖОЛШЫБЕКОВ
ҚР АШМ ВБЖҚ Созақ
аудандық аумақтық
инспекция сының
бас маман-мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы.**

Хабарландыру

Қыземшек кенті мәдениет үйінде 13.08.2022 жылы сағат 11:00 де «Қыземшек кентінің атауын өзгерту» бойынша кент тұрғындарымен жиын өткізілетіндігін хабарлаймыз.

**Созақ ауданының
Қыземшек кенті
әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі.**

Сенім телефоны

«Созақ ауданының, Созақ ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған «Созақ ауданының, Созақ ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері жөнінде +7 (72546) 3-15-36 сенім телефонына хабарласуға болатындығын ескертеді.

«Созақ ауданының, Созақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ.

Атақты жазушы Мархабат Байғұт ағамыздың осы тақырыппен жарияланған шығармасын оқығаннан кейін осы мақала дүниеге келді. Батыр аналарымыз Теріскей елінде де болғанын жазбақ ниеттен туған дүние еді. Жалпы «қатын» сөзі ерге тиген әйел. «Қатын» сөзі көне түркі тіліндегі «хатун» сөзінен шыққан. Қазақтар ерсі естілсе де, ері өзінің әйелін қатын деп атайды. Десек те, көне түркі ұғымында әйел адамды қатын деп атау құрметтеуді, мадақтауды білдіретіндіктен, ертеректе хандар мен ақсүйектер әйелдерін қатын деген. Мәселен, М. Қашғари сөздігінде «қатын» сөзі ақсүйек, хан, төре, бек деген мағынада жұмсалып, кейін келе ерге шыққан әйел деген мағынамен ауысқан. Түрікше-моңғолша сөздікте қатын сөзі ханым немесе үлкен кісінің әйелі деген мағынада қолданылады. Орхон-Енисей түркі ескерткішінде «анам – қатын» деген әспеттеу, мадақтау түріндегі жазылған жолдар қатынның ертеректе жоғарғы әлеуметтік-институционалдық мәртебесін білдіретін сыңайлы. Сонау 1983 жылы жазда Созақ ауданында өткен шопандар тойында қатын күрес өткені бар. Ол күреске Калинин совхозының екі фермасынан шөлаққорғандық Мәнтай апа мен жеткіншектік Шалқар апалар белсенді қатысып көзге түскені еді. Мына іргедегі Бабата ауылында Оразбек деген көкеміздің жұбайы Келісім апа мен Ғалия апаның (тамада Зейнұрдың анасы) күресі елдің есінде ұзақ сақталғаны анық. Сондағы қазақ аналарының өжеттігі мен қайсарлығы, батылдығы ұрпағына қанымен келетін ұлы қасиеттер екені шындық.

Осы Келісім апа туралы Созақ аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Еспенбетов Қабылбек ағамыз бір есті естеліктің шетін шығара әңгімеледі. -Келісім жеңеміздің аяғы ауырлап жүрген кезі екен. Бір күні күйеуін малына шығарып салып, бір-екі қыр астындағы сайдан сексеуіл отынын сындырып әкелуге шығады. Алайда күн түске ауа бастағанда толғағы қыса бастайды. Бір талай уақыт бір кісіге жүк боларлықтай сексеуілдің құраған шырпылары мен томарларын да жинап қойған. Толғақ қыса түсіп, ақыры сол дала түзде өзі босанып,



баласының кіндігін тісімен қиып, орамалына жас нәрестені орап, құндақтап, томын қоса арқалап алып кешкісін үйіне де жетеді. Қазақ аналарының қайсарлығымен шыдамдылығы, сабырлығы деген қандай!

-Шөлаққорған ауылында өткен наурыз мерекесінде Байна көкеміздің үйіндегі Шалқар жеңеміз бен Дүйсенов Жазбек көкеміздің кемпірі Айымкүлдің күресін тамашалағанымыз әлі есімде,- дейді абайлық Алпысбай Нұрымбетов.

1991 жылы Рақ ата ауылында, Ақпанбетұлы Уәлихан кенже баласына мұсылмандық ғұрыппен той жасап, сүндет тойын өткізді.

Той күндіз таудың ішінде Күркіреуік өзеніне құятын Көк бұлақтың жағасында өтті. Сонда бірнеше ұлттық ойындар, оның ішінде қатын күрес ұйымдастырылды. Сөйтіп палуандар бәсекесіне рақаталық көп балалы қос ана, батыр аналар Аманқыз апа мен Қаршыға апа шықты. Екеуі шай қайнатым уақыт бойы арпалыса, алыса күресті. Соңына қарай шаршап, әл дәрмені қалмаған Қаршыға апа жеңілгенін мойындап күресуден бас тартты. Сөйтіп жеңісті Аманқыз апа иеленді. Сол тойда қаз қатар тігілген үйдің сырт жақ аралығында тұрған тік, әрі биік төбенің басына бәйге тігілді. Төбенің етегінен құрамында екі-екіден адамы бар екі топ қатар тұрып сынға түседі. Олар бірін-бірі арқалап, төбенің басына дін аман жетуі керек. Қай топ бұрын, әрі уақытылы жетсе дорба толы бәйгеге ие болды. Төбенің беткейіне арасы 20-30 метрден 2-3 жерге ақ тастар қойылды. Осы тұсқа келіп, жарысқа қатысушылардың демалып, еңтігін ба-

сып, үсті басын түзетуге, суысын ішіп алуға мүмкіндіктері бар. Әрі қарай екінші адам кезектесіп арқалап жоғарыға өрмелейді. Кімдер бұрын жетсе бәйге солардікі.

Ал қатын күрес ойынына аты айтып тұрғандай қыздар, келіндер қатыстырылмайды. Тек үлкен әйел кісілер қатысады. Негізінен бұл ойын жас жігіттерді, ер азаматтарды қайрау іспетті ойын. «Әне, анау әйелдер күресіп жатқанда саған не жорық?», «Неге күресе алмаймын дейсің?», «Еркек емессің бе?» деген жігіттердің намысын қайрау секілді. Кезінде қазақтың батыр қыздары жауға ержігіттермен бірдей тізе қосып, елі мен жерін, отанын қорғаған емес пе? Ақбикеш, Гауһар ана, Тұмар ханым, Кенесарының қарындасы Назым, Әлия мен Мәншүк, Кешегі Ләззат пен біздің жерлесіміз Гүлнар Есенқұлова сол батыр апа-аналарымыздың жұрнағы емес деп қалай айта аласыз ба?

Біздердің шежірелерімізде тек атамиз мен бабаларымыз батыр, ержүрек, ақын, би, болыс болып шығады да, аналарымыздың қасиеттері көп айтыла бермейді.

Жоғарыда айтқанымыздай Шаға ауылындағы наурыз тойында Күләш, Күнбала, Бегмаш, Күлтай, Қалдан апаларымыз күресіп той аярын аша түскенін білетінбіз.

Көбіне әйелдер мақталы шалбар, кеудесіне бүтін жемпір киіп, басына орамалды шарт түйіп шығады. Әрине ол жерде бәйгеге тігілген сый-сияпат, қаржыдан да жоғары бүтіндей бір ауылдың абыройы мен намысы, артынан қолдау де-

меу жасап отырған жанкүйерлерінің сенімінен шығу деген үлкен міндет пен жауапкершілік жүгі тұрады.

Күрес барысында шапшаңдық, әбжілдік, әдісті дұрыс қолдану, әдептілік, қарсыласты сыйлау білу сияқты әр палуанның әдеп пен адами қасиеттері де бағаланады. «Алып анадан туады», «Батыр да ақын да анадан туады», «Алтын құрсақты асыл аналар» деген сөздерді жиі естиміз. Алайда ол сөздердің астарына терең мән бермейміз. Кезінде аналарымыз барымтаға, жау тартып, алында салып айдап кеткен жылқыларын қайырып алу үшін атқа қарғып мініп, іргедегі күйеуінің найзасын білегіне қоса іле шапқан. Осы тұста барымта туралы айтар болсақ, ол өзі әлсіз кедей-кепшікке, жоқ-жітікке күш көрсетіп, еңбегіне сай ақысын бермей, сұлу қызы болса қалың малын бермей тартып алу, зорлық пен қорлық көрсеткен озбырлардан кегін қарымтасын қайтарудың түрі.

Бұл ең шыдамның шегіне жеткен кезі. Одан әрі әлгі озбырды өлтіруіне, не өзіне қол жұмсау не болмаса барымтада өлу болады. Өзіне қол жұмсау күнәнің үлкені саналады. Сосын осы барымтаны таңдайды.

Жай жатқан бір байдың жылқыларын екінші біреулер барымта жасап, алдына салып кете бермеген. Оның да жазасы бар. Бұл жерде кек, озбырлыққа ашынған адамның кек қайтару, өшпенділікке қарсы тұяқ серпуі жатыр. М.Әуезовтің «Қараш-қараш» шығармасының желісімен түсірген фильмде Бақтығұлдың көрген азабы осы барымтаға барып тірілмей ме?

Сол уақытта ер-азамат ел қорғауға, жер қорғауға, шапқыншылықтар кезінде елге бас ие болып әйелдер қалады. Сонда ары мен абыройын өзгелерге таптатау үшін садақ тартып, найза лақтырып, ат үстінде, жерде күрес түрлерін үйренеді. Бүгінгі қатын күрестің түп атасы сол ғасырлар қойнауынан келген үрдіс. «Ораза, намаз тоқтықта» дейміз ғой. Сол сияқты ибалылық, әсемдік, сұлулық, нәзіктік бұл бейбіт

өмірде, бейбіт замандарда керек ететін, қажет болатын дүние. Беті аулақ шапқыншылық, соғыс, жаумен жағаласқан заманда ол қасиеттердің керегі бола ма? Ол уақытта қоғамға батырлық, қайсарлық, сабырлық қасиеті басым ерлер мен әйелдер керек еткен. Заман мен қоғам өзі солай қалыптастырған.

Бүгінгі таңда біз той мен жиынның, мереке мен мейрамдардың ажарын ашатын осындай күрес өнерін тек қызықшылықтарда тамашалай берейік.

Осы ретте даңқты бапкер, қазақ күресі федерациясы төрешілер алқасының төрағасы Диқанбай Биткөзов ағамыз кезінде былай депті:— Ертеректе қазақта «Қатын күрес» деген болған. Өзге аймақтар жайында айтпай-ақ қояйын, біздің Жаңарқа өңірінде әйелдер XX ғасырдың жетпісінші жылдарына дейін күресті. Кеңес Одағы тұсында 1 мамыр және 7 қараша күндері ерекше тойланатынын өздеріңіз жақсы білесіздер. Сол мейрамдарда ерлерден кейін міндетті түрде әйелдер ортаға шығып, бір-бірімен белдесетін. Кейіннен ондай белдесулер өтпейтін болды. Міне, енді Талдықорғанда қазақ күресінен «нәзік жандылар» арасындағы күрестің тұсуы кесілді. Оған мен қуанып отырмын. Мысалы, дзюдо мен еркін күресте әйелдер күреседі. Бұл күрес түрлері тіптен Олимпиада ойындарының бағдарламасына енген. Ал бізге қазақ күресінен ел біріншіліктерін өткізуімізге не кедергі?! Біле білсеңіз, қазақтың қыздарына қайсарлық тән. Кезінде Қабанбай батырдың әйелі Гауһар апамыз Жоңғарлардың тылына еркін еніп, батыл барлаушы болған. Ұлы Отан соғысы кезіндегі қазақ қыздарының ерлігі төрткүл дүние тәнті. Олай болса, қазақ қыздары да төл өнерімізді де еркін меңгеріп, ертеңгі күні халықаралық аренада ел намысын асқақтатуға тиіс. Одан біз еш ұтылмаймыз, — дейді.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

**тапсырыс №
таралымы -
4000 дана**

Кезекші редактор:

M.Қарғабай.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі**

**Директор:
Абилпаттаев Ержан
БАКЫТЖАНОВИЧ**

**Бас редактордың міндетін
уақытша атқарушы:**

**Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай**

Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шөлаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген